

Көкпекті ауданының Бастаушы селолық округіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 қыркүйектегі № 321 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қазанда № 5236 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 299 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 26.09.2018 № 299 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1 тармағының 18) тармақшасына сәйкес және Көкпекті аудандық аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 2017 жылғы 13 маусымдағы № 159 ұсынысы негізінде, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Көкпекті ауданының Бастаушы селолық округіне мүйізді ірі қара малдардың арасында бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Марат Капарович Темиржановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Сагандыков